

Шиелі кенті әкімінің 2010 жылғы 01 қыркүйектегі "Шиелі кенті "Көкшоқы" мөлтек ауданынан атауы жоқ көшеге Исатай Әбдікәрімовтың есімін беру туралы" N 994 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігі Шиелі кенті әкімінің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы N 1106 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 25 қаңтарда N 10-9-190 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 8-бабының 3-тармағына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Шиелі кенті әкімінің 2010 жылғы 01 қыркүйектегі "Шиелі кенті "Көкшоқы" мөлтек ауданынан атауы жоқ көшеге Исатай Әбдікәрімовтың есімін беру туралы" (нормативтік құқықтық келісімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 09 қыркүйектегі N 10-9-136 болып тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетіне 2010 жылдың 15 қыркүйек N 75 санымен жарияланған) N 994 шешіміне төмендегі өзгеріс е н г і з і л с і н .

1-тармағындағы "Көкшоқы" мөлтек ауданы" деген сөз алынып тасталынып, Шиелі кентінде болып о қ ы л с ы н .

2. Осы шешім алғаш рет жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау кент әкімінің орынбасары Түменов Ермахан Байназарұлына жүктелсін.

КЕНТ ӘКІМІ

М. МОЛДАБАЕВ